

2020 жылға арналған аумақты дамыту бағдарламасының орындалуына қатысты анықтама

Аумақты дамыту бағдарламасы - облыстың басты стратегиялық құжаттарының бірі.

2020 жылы Аумақты дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру аяқталды.

Жалпы, соңғы 5 жылда көптеген салалар бойынша оң динамика байқалуда. Сонымен, 2020 жылы 2015 жылмен салыстырғанда жалпы өңірлік өнім жан басына шаққанда еңбек өнімділігі 1,6 есеге, өңдеу өнеркәсібінде 2,3 есеге, ауыл шаруашылығында 1,6 есеге, инвестиция көлемі 1,8 есеге өсті.

Сонымен қатар, қылмыс деңгейі 2 есеге төмендеді, ауыл тұрғындарының 90%-ға жуығы таза ауыз сумен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, Есеп комитетінің тексеруі көрсеткендей республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау бойынша жыл сайын АДБ-ның орындалуын жақсарту байқалады.

Мәселен, 2020 жылдың алдын ала қорытындылары бойынша АДБ мақсаттары мен индикаторларына қол жеткізуді бағалау бойынша Ақтөбе облысы ықтимал 50 балдан 47 балл жинады.

Сонымен қатар, 2020 жылдың қорытындысы бойынша АДБ-ның 45 индикаторынан 7 индикаторының жоспарлы мәні орындалмаған. Бұл:

1. Шикізаттық емес тауарлар экспортының көлемі, жоспар –

3,1 млрд. долл., факт - 1 млн.

Бұл индикатордың орындалмауының негізгі себебі – ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Ақтөбе облысы бойынша тым жоғары жоспарлы мәнді бекітуі, ал облыстың шикізаттық емес экспортының жыл сайынғы нақты көлемі 1 млрд.;

2. Жидек дақылдарының жемістерін жалпы жинаудың өсуі, өткен жылмен салыстырғанда жоспар - 107%, факт – 102%;

3. Экономикадағы орта кәсіпкерліктің үлесі, жоспар – 6,3%, факт-4,6%;

4. Туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жоспар – 73,7 жас, факт-71,7 жас;

5. Ана өлімі, жоспар - 10 жағдай, 100 мың нәрестеге шаққанда, факт-70,3 жағдай.

2020 жылы облыс бойынша ана өлімінің 15 жағдайы тіркелген. Олардың көпшілігі коронавирустық инфекциямен, пневмониямен немесе олармен байланысты аурулармен байланысты;

6. Халықтың ең аз қамтамасыз етілген кірістерінің үлесі 40% (халықтың жалпы кірістерінде), жоспар - 25%, факт – 23,47%;

7. Бір тұрғынға тұрғын үймен қамтамасыз етілу, жоспар - 23,1 м², факт - 22,4 м².

Жалпы, облыс басшылығы аумақты дамыту бағдарламасын орындау мәселесін тұрақты бақылауда ұстап отыр.

Сондай-ақ, экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы АДБ-ның ай сайынғы негізде орындалуына талдау жүргізеді.